

содержания обвинения и направленности (целей, задач) органа уголовного преследования. Позиция защиты является изменяемой, динамической гносеологической категорией. При осуществлении защиты в отношении виновных, подозреваемых, обвиняемых в отдельных случаях возникает необходимость отступления и сдачи определенных позиций стороне обвинения, что не должно ухудшить положения подзащитного. Это станет дополнительным способом вовлечения стороны защиты в совместную деятельность с процессуальным оппонентом, что, в свою очередь, влечет за собой право ознакомления с протоколами следственных действий, в ходе которых участвовала сторона защиты. Безусловно, подобный тактический прием будет эффективен во всех случаях, а лишь в тех, когда факт преступления носит очевидный характер, как и установление виновного лица. Позиция защиты может внешне состоять в демонстрации своей осведомленности — неосведомленности относительно собранных по уголовному делу доказательств оправдательного и обвинительного характера, также и в демонстрации своего тактического превосходства или, наоборот, своих потерь. Криминалистическое исследование проблем формирования и отстаивания позиции защиты в условиях противодействия, состязательности позволит оптимизировать реализацию функции защиты, как задачи уголовного процесса, так и процесса установления объективной истины по уголовным делам.

Список литературы

1. *Варфоломеева Т.В.* Організаційні, процесуальні та д-ра криміналістичні проблеми захисту адвокатом прав підозрюваного, обвинуваченого, підсудного: Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. — Київ, 1994. — 39 с.
2. *Конин В.В.* Тактика профессиональной защиты по уголовным делам в суде первой инстанции: Монография. — Орел: Орловский государственный университет, ООО ПФ «Оперативная полиграфия», 2008. — 180 с.
3. *Жамиева Р.М.* Тактика профессиональной защиты по уголовным делам: Дис. ... канд. юрид. наук. 12.00.09./ Р.М. Жамиева. — Алматы — 1999. — 172 с.
4. *Гахраманов Р.В.* Принципы взаимодействия защитника с подзащитным / Р.В.Гахраманов // Актуальные проблемы уголовного процесса и криминалистики России и стран СНГ: Материалы междунар. науч.- практ. конф., посвящ. 80-летию со дня рождения проф., д-ра юрид. наук, заслуж. деятеля высш. шк. Ю.Д.Лившица — 2–3 апреля 2009 г. — Челябинск: Изд-во ЮУрГУ, 2009. — С. 33–36.
5. *Тукиев, А.С.* Заочное уголовное судопроизводство: Монография. — Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2007. — 165 с.

ӘОЖ 343.98:343.98. 067

Қылмыстарды тергеу барысында компьютерлік техниканы қарау ерекшеліктері

Шакенов А.О.

ҚР ИІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты

В статье показаны особенности осмотра компьютерной техники и комплектующих, средств коммуникации, возможности использования помощи специалиста-криминалиста и специалиста в области информационных технологий, а также негативные последствия, которые могут возникнуть в ходе осмотра компьютерной техники. Исходя из нестандартности обстановки, в которой может производиться осмотр места происшествия, освещен вопрос о возможности изъятия компьютерной техники и информации, способах упаковки, транспортировки и хранения изъятых объектов. В каждом конкретном случае следователь принимает решение совместно со специалистом.

In this scientific article considered features of inspection of computer technologies and their component parts, communication tools, opportunities to use aid expert-criminalist and expert of information technologies field, also to prevent possible negative consequences that may arise during an inspection of computer equipment. Proceeding from non-standard situation which may be done inspection of event place, highlighted the possibility of seizure of computer equipment and information, product packaging, transportation and storage of seized object, which is solved by the investigator in each case together with the specialist.

Кейінгі жылдары ақпараттық технология, есептегіш техникалары және коммуникация құралдарының қарқынды дамуы байқалуда. Жиырмасыншы ғасырдың орта ширегінде басталған

ақпараттық революция әрқилы мәліметтерге жедел қол жеткізу қолайлығымен қатар көптеген этикалық, психологиялық, әлеуметтік және құқықтық мәселелер туғызды. Қазіргі кезде елімізде ақпараттық қауіпсіздік және компьютерлік қылмыс мәселелері ерекше байқалып отыр. Осының бәрі құқық қорғау, атап айтқанда, тергеу және жедел іздестіру органдарының жұмыстарын одан әрі жетілдіруді, олардың қазіргі заманғы криминалистикалық тәсілдер мен әдістерді іскерлікпен пайдалануын, қылмыстың алдын алу, оның болуына себеп болған жағдайларды дер кезінде жою үшін арнайы шаралар қолдануын талап етеді. 2010 жылғы 17 тамыздағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығында көрсетілгендей, құқық қорғау органдары мен соттар қызметінің қолжетімділігін және ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында олардың қызметіне инновациялық технологияларға негізделген озық әлемдік тәжірибені енгізуді қамтамасыз етілсін, яғни қылмыстың жаңа түрлері, оның ішінде компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстардың алдын алу және тергеу мәселесі басым айтылған.

Қоғамның заманауи даму кезеңі адам қызметінің барлық елеулі салаларында электрондық санау машиналарының жаппай қолданылуы арқылы ақпараттарды автоматты түрде өңдеу жүйесімен сипатталып отыр. Қолданыстағы қылмыстық кодекспен компьютерлік ақпаратқа заңсыз ену, электрондық санау машиналары үшін зиян бағдарламаларды құру, пайдалану және тарату, компьютерлік техниканы пайдалану ережелерін бұзу тәрізді құқық бұзушылықтарға қатысты жауаптылық көзделген [1].

Қылмыс іздерін табуда ең көп ақпарат беруші шаралардың қатарына оқиға болған жерді қарауды және компьютерлік типтегі құрылғыны, оның бөлшектері мен коммуникация құралдары ретінде жүретін заттық дәлелдемелерді тексеруді жатқызуға болады. Осылайша, заң ғылымдарының докторы профессор Е.Ғ.Жәкішевтің айтуынша, оқиға болған жердің толық, пәрменді және дұрыс қаралуы тергеушінің осы тергеу әрекетіне ұқыпты дайындалуына тікелей байланысты [2].

Есептегіш техникасына жататын құралдарды қарау төмендегідей мақсаттарға жету үшін жүргізіледі:

- оқиға немесе қылмыс жасау нәтижесінде пайда болған іздерді және басқа да заттық дәлелдемелерді табу үшін жүргізіледі. Мұндай шара кіммен, қандай мақсатпен және қандай жағдайда қылмыс жасалғандығын анықтау үшін іске асырылады;
- қылмыс жасау механизмін қайта қалпына келтірудегі оқиға жағдайын анықтау үшін жүргізіледі;
- есептегіш техникасына жататын құралдардың техникалық жағдайын анықтау үшін жүргізіледі.

Бірінші мақсатқа жету үшін маман-криминалист және есептегіш техникасына жататын құралдар мен ақпараттық технология саласындағы маманның қатысуы талап етіледі. Кейінгі екі міндетті шешу үшін тікелей маман-криминалистің қатысуы қажет етілмейді. Есептегіш техникасына жататын құралдардың ерекшелігіне қарай тергеу әрекетінде мынадай мамандар қатысуы керек:

- есептегіш техникасына жататын құралдарды жөндеу және дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етуші мамандар (есептегіш техникасына жататын құралдардың аппараттық бөлігі мен бір-біріне жалғаушы арматураларды қарау үшін; электрондық санау машина үшін — техниканы бір жүйеге келтіруші инженер);
- желілік технология саласындағы маман (қашықтықтан мәліметтерді беру жүйелерінде, яғни компьютерлік желіде, шалғайда орналасқан құрылғыда, алыс жердегі терминалда қолданылатын есептегіш техникасына жататын құралдарды қарау үшін);
- телекоммуникация және байланыс саласындағы маман (компьютерлік мағлұмат және команда беру үшін пайдаланылатын электр байланыс аспабын, сондай-ақ байланыс құралы болып табылатын есептегіш техникасына жататын құралдарды қарау үшін);
- бағдарлама жасаушы инженер (есептегіш техникасына жататын құралдарды қамтамасыз етуші бағдарламаларды қарау үшін, оның қызмет көрсету принциптерін анықтау үшін, машиналық ақпарат аясындағы қылмыстық қызмет іздерін анықтау үшін).

Мемлекеттік сараптамалық мекемелерде жоғарыда аталған мамандар жоқ болған жағдайларда, оларды алдын ала бағдарламалар мен компьютерлік ақпаратты қорғаушы құралдарды әзірлейтін, компьютерлік және коммуникациялық техниканың жұмыс жасауын қамтамасыз етуші кәсіпорын және фирмалардан таңдап, табу керек. Сонымен бірге мамандар оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемесінен де шақырылуы мүмкін.

Қарастырылып отырған тергеу әрекеті алдын ала дайындалып, тыңғылықты түрде жоспарланады. Бастапқы кезеңде төмендегідей шараларды іске асыру керек:

- қалыптасқан тергеулік жағдайды есепке ала отырып, қарауға қатысушы адамдар шеңберін анықтау;
- оқиға болған жерді қарау барысында тұлғалардың іс-қимылдарының ретін анықтау;
- білікті, өз ісін жақсы білетін мамандарды шақыру;
- компьютерлік ақпараттағы өзгерістерді тапқан кезде, алынған мәліметтерді оқып-сақтауда қолданылатын компьютерлік техника мен бағдарламалық қамтамасыздықты дайындау, сол мағлұматтарды зерделеу, ақпараттық қылмыс іздерін табу;
- қарау алдында тергеу әрекетін жүргізу мақсаты және маманға жүктелген талаптар, сондай-ақ оның құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі;
- куәгерлерді таңдау және оларға нұсқаулар беру. Мұндай куәгерлер ретінде есептегіш техникасына жататын құралдар және компьютерлік технология саласында аз ғана болсын білімі бар адамдар қатыстырылып, оларға құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі.

Қараудың жұмыстық кезеңіне кіріспес бұрын, тергеуші мен тергеулік-оперативтік топ мүшелері есептегіш техника және ақпарат тасымалдағыштармен жұмыс жасау ережесімен танысып, оларды сақтай білу керек. Бұл ережелер сақталмаған жағдайда, тергеуге қажет ақпарат жоғалуы мүмкін және осы әрекеттер салдарынан материалдық зиян келтірілуі ықтимал.

Есептегіш техника және ақпарат тасымалдағыштармен жұмыс жасаудың жалпы ережелеріне мыналарды жатқызуға болады:

- компьютерлер және басқа да техникалық құралдарды сөндіру, жағу тек маманмен немесе оның басшылығымен іске асырылады;
- ақпарат тасымалдағыш және электрондық есептегіш машинасының сақтағыш микросхемаларды бұзып алмас үшін, магниттік іздегіш, ультракүлгін жарық түсіргіш, инфрақызыл түрлендіргіш тәрізді криминалистикалық құралдарды пайдалану маманмен келісілуі тиіс;
- компьютердің жұмыстық бөліктеріне (ажыратқыш, дисковод, желдеткіш және т.б.) ұсақ заттар мен ұнтақтардың түсуін болдырмау керек;
- магниттік тасымалдағышпен жұмыс істегенде дискінің беткейін қолмен ұстауға, электромагниттік әсер етуге, дискілерді майыстыруға, арнайы конверттерсіз сақтауға;
- сақтау және тасымалдау кезіндегі шектілік температуралар диапазоны Цельсий шкаласы бойынша 0 ден + 50 градусқа дейін болуы тиіс;
- терминология, құрылғы және есептегіш техниканың қызмет көрсету мәселелерін қозғайтын барлық түсініксіз сұрақтармен тек қана маманға жүгіну қажет.

Қараудың нәтижелі және мақсатты болуына көмек беретін (бөлме, жергілікті жердің әр түрлі жоспарлары, пароль, ену кодтары, шифрлар және т.б.) компьютердегі ақпараттарды анықтауға ерекше көңіл бөлу керек. Ол үшін маманмен дискілер мазмұнын қарау жолымен компьютерлік ақпараттарға экспресс-талдау жүргізіледі. Бұл жерде мәтіндік немесе графикалық ақпарат бар файлдар да қызықтырады. Сонымен бірге компьютерлік техника, магниттік тасымалдағыштардағы бүліністердің бар-жоқтығына назар аударумен қатар, терезе, есік және оларды бекіту құралдардың жағдайына ерекше көңіл бөлінеді.

Қараудың осы кезеңінде компьютерлік ақпараттың ағымдағы жағдайы бекітіп алынғаннан кейін, орын алған оқиға және одан келген зардап жайлы қорытынды жасалынады: электрондық есептегіш машинасының бүлінуі, қызмет жолын бөгеу, ақпаратты өзгерту, көшіріп алу, сондай-ақ оның жүйесі немесе желісі жұмыс тәртібінің бұзылуы; қылмысты жасау тәсілі анықталады. Ол үшін маманның көмегімен бағдарламаның жұмысы, мәтіндік файлдар және мәліметтер қоры бақылауға алынып, компьютерлік жүйедегі тіркеу файлдарына ерекше назар аударылады. Жүйедегі әрбір өзгеріс (оның ішінде кім ол өзгерісті жасады, қай кезде және қандай файлдар өзгертілді) туралы ақпарат сол файлдарда тіркеледі. Айта кететін бір жайт, тіркеу файлдарынан пайдаланушылар туралы пароль, олардың аттарын, идентификациялық нөмірлер жайлы ақпаратты алуға болады. Кейіннен осы ақпарат заңсыз ену орын алған компьютерді анықтау үшін пайдаланылады.

Нақты компьютерден Интернет желісіне шығу хаттамасының ақпараттық құндылығы сөзсіз. Ол ғаламдық желіге шығу мүмкіндігі бар әрбір компьютерде автоматты түрде жүргізіледі (сақталу мерзімі пайдаланушымен анықталады). Электрондық поштаны пайдаланушы туралы ақпарат та (аты-

жөні, туған жылы, орны, мекен жайы және т.б.) ерекше қызықтырады. Пайдаланушының өзі электрондық хабарлама алу үшін шынайы ақпарат ұсынуға мүдделі.

Microsoft фирмасының көптеген бағдарламалары есептік файлдардың резервтік көшірмелерін жасайды, кейінгі орындалған операциялар жайлы ақпараттарды, сондай-ақ іске асырылған бағдарламалардағы тергеу үшін маңызы бар басқа да мәліметтерді сақтайды. Мысал ретінде солардың атап өтуге болады:

- Microsoft Outlook Express — жіберілген, алынған немесе жойылған барлық хаттарды өзінің қорында сақтайды. Бұл файлдар IDX және MBX-та кеңейтіле \\Windows\\Application\\Microsoft\\OutlookExpress\\Mail\\ директориясында орналасқан;
- Microsoft Internet Explorer — пайдаланушы Интернет желісінде болып, енген орындарды \\Windows\\ Temporary Internet Files\\ директориясында сақтайды;
- Microsoft Windows — бұрын орындалған бағдарламалардың барлық файлдарын \\Windows\\History\\ директориясында сақтайды;
- \\Windows\\name.pwl директориясында — Интернетпен қосылу үшін қажет аттар, телефондар және парольдар, олар арнайы бағдарлама көмегімен шифрын ашып танылады.

Сонымен бірге маман-криминалист компьютерлік техника, магниттік тасмалдағыштардағы бүліністердің бар-жоқтығына назар аударумен қатар, терезе, есік және оларды бекіту құралдардың жағдайына ерекше көңіл бөлінеді. Егерде компьютерлік техника және ақпаратқа тікелей ену фактісі орын алған болса, онда маман-криминалистің көмегімен монитор, принтер, клавиатура үстіндегі, электрондық есептегіш машина қалыбындағы саусақ іздерін анықтауға мүмкіндік беріледі.

Компьютерге қатысты арнайы іс-қимылдармен қатар құжаттар мен заттар тығылған құпия жерлерді табуға бағытталған іздеу шараларын ұйымдастырған жөн. Мұндай құпия жерлер ретінде компьютердің өзі, атап айтсақ, орналасқан жүйелік блоктың өзі болуы мүмкін.

Кейінгінің құрылымы ерекше болғандықтан, құпия жерлерді ұйымдастыруға ол өте ыңғайлы. Біріншіден, жүйелі блок ішінде бос жерлер өте көп болады, өйткені қосымша платалар орнату жолымен компьютер мүмкіндігін кеңейтіп, арттыру мақсатында онда орын қалдырылады.

Екіншіден, өзінің модульдік құрылымына қарай компьютердің жүйелі блогін қандайда бір қосымша құрал-саймандарды қолданбай-ақ жылдам бұзып, жинауға болады. Бұл өз алдына компьютердің бөлшектеріне іздер қалдырмай енді ыңғайлы етеді.

Үшіншіден, компьютер ішіндегі электрондық схемалардың қуаты аз, адам өміріне қауіп төндірмейді. 220 вольт болып келетін компьютердің бір ғана бөлшегі — қуат көзінің блогының сырты қапталған, платаларға берілетін қуат мөлшері 12 вольт болғандықтан, ток көзінен сөндірмей-ақ корпусын ашуға мүмкіндік туғызады.

Төртіншіден, жүйелі блоктың ең үлкен платасы — аналық корпус қабырғасына немесе оның төменгі беткейіне қысқыштар арқылы бекітіледі, сол себептен құжаттарды сақтауға ыңғайлы көп орын қалады. Мұндай құпия жерге ену маманға ешбір қиындық туғызбайды.

Ақпараттарды сақтау үшін лазерлік дискілер жиі қолданылады. Сыртынан қарағанда лазерлік дискілердің үн- және бейнедискілерден айырмашылығы болмағандықтан, оларды музыка немесе бейнежазба жинақтарының арасында сақтау мүмкіндігі бар.

Магниттік тасымалдағыштар тығылған құпия жерлерді іздеуде металл іздегіш немесе рентген құрылғысын пайдалануға болмайды, өйткені олардың ішіндегі ақпараттың өшірілуіне әкеп соқтырады.

Қараудағы бөлме локалдық желі болғанда, серверлердің орналасқан жерін анықтаған жөн. Әдетте үлкен мекемелерде серверлерді орналастыру мақсатында бөлек арнайы бөлме беріліп, оған ену шектеулі болады. Алайда орталық сервермен қатар бөлімшелерде жергілікті локалдық серверлер болу мүмкін. Локалдық желі бар жердегі компьютерлердің орналасқан орнын табуда таратқыш сымдар көмектеседі, яғни кабель жолы немесе кабель тығылған арнайы қалыптар табылса болғаны.

Коаксиалдық кабельге қосылмаған ажыратқыштарға және компьютерлерді локалдық желіге қосу үшін қажет бос розеткаларға көңіл аударған жөн. Оның себебі, осы жерде бұрын компьютерлердің тұруы немесе алып жүруге ыңғайлы компьютерлер қосылуы мүмкін, бірақта тінту кезінде басқа жерге тығылған.

Дискета және басқа да ақпарат тасымалдағыштарды сақтау жерлеріне ерекше көңіл аударған дұрыс болады. Компьютерлерді сыртынан қарау кезінде олардың құрамында стример, магниттік-оптикалық жинақтағыштар және солар тәріздес құрылғылар табылса, онда осы аспаптарға қатысты ақпарат тасымалдағыштарын жасыру жерлерін анықтауға мүмкіндік жасау керек.

Өрістетілген локалдық желісі бар мекемелер өз ақпараттарын әрдайым қандай да бір тасымалдағышқа жинақтап отырады. Осы көшірмелердің сақталатын жерін табуға әрекет жасау қажет.

Қарауға қатысушы компьютерлік құралдар саласындағы маман жүйелі әкімнен алған мәліметтерді пайдалана отырып, алдын ала дайындалған тасымалдағыштарға ақпаратты көшіреді. Ол үшін өз алдына бөлек сыртқы диск немесе флеш-карталар қолданылады. Ақпарат көшірілген тасымалдағыштар пластиктен жасалған қораптарға буып-түйіледі. Егерде өз алдына бөлек сыртқы диск болса, онда оны тасымалдау барысында қорап ішінде қозғалмайтындай етіп буып-түйеді, тиісті талаптарға сай сыртынан сүргі соғылады.

Үлкен есептегіш жүйелерді зерттеуден өткізу үшін күндермен саналатын уақыт қажет, оған тергеушінің дайын болғаны жөн. Тергеу барысында кейде зерттеу үшін компьютерлерді бір жерге алып бару мүмкіндігі болмай қалатын жағдайларда кездеседі. Ондай жағдайларда төмендегідей ұсынымдарды басшылыққа алған жөн:

- компьютерлік техника құралдарды (серверді, компьютерлік желінің жұмыс стансасын) қарағаннан кейін, ол бөлме міндетті түрде жабылады, аппаратураны энергиямен қамтамасыз ететін көзі сөндіріледі. Кейде мүмкіндік болмай жатса, тек ақпаратты қабылдайтын ғана жағдай жасалынады, бірақ мұндайда компьютерлік жүйенің барлық бөлшектері мен механизмдерге пломба салынады;
- машиналық ақпараттың магниттік тасымалдағыштары табылған кезде, оларды бүлініске ұшыратушы әр түрлі электромагниттік өріс, бағытталған сәулелерді болғызбаушы арнайы пломбаланған және экран орнатылған контейнерлер немесе зауыттық алюминий футлярларында сақтап, тасымалдаған жөн.

Қарастырылып отырған тергеу әрекеті алдын ала дайындалып, тыңғылықты түрде жоспарланады. Компьютерлік техниканы қарау барысында мүмкін болатын мынадай негативтік жағдайларды ескерген жөн:

- ақпарат және құнды мәліметтерді жою мақсатында қызметкерлер құрамы тарапынан электрондық есептегіш машинаны бүлдіру әрекеттері байқалуы мүмкін;
- заңсыз енуден сақтандыратын компьютерде арнайы құралдардың болу салдарынан, дер кезінде арнайы код алмағандықтан, ақпарат автоматты түрде жойылуы мүмкін;
- электрондық есептегіш машинаны заңсыз енуден сақтандыратын басқа құралдың болуы ықтимал;
- компьютерлік техниканы әрдайым жетілдіру нәтижесінде, объектіде тергеуші және маманға беймәлім бағдарламалық-техникалық құралдардың болуы мүмкін.

Қылмыскерлермен заттық дәлелдеме ретіндегі электрондық ақпараттарды жою әрекеттері жоқ емес. Мысалы, өте қиын жағдайда күшті магниттік өріс қалыптастыратын, магниттік жазуларды өшіретін арнайы қондырғылар қолданылады. Қылмыскердің өз машинасына белгілі мерзім сайын пароль талап етуші бағдарлама қосатын мүмкіндігі бар, яғни бірер секундтан соң дұрыс пароль енгізілмесе, компьютердегі мәліметтер автоматты түрде жойылады. Компьютерлердің өнертапқыш иелері кейде жоюшы немесе қажетті мәліметтерді құпиялаушы жасырын командаларды орнатады. Оның мәні — егерде машинаны қосу процедурасы тек иесінің өзіне ғана мәлім арнайы іс-қимылдармен қатар жасалмаса, онда жасырын командалар өз міндетін орындайды [3].

Жоғарыда келтірілген және басқа да орын алуы ықтимал негативтік зардаптардың алдын алу үшін, төмендегідей ұсынымдарды сақтаған дұрыс болады:

- қуат көзін сөндірмес бұрын, мүмкіндігінше барлық бағдарламаларды дұрыс жабу керек, ал күмәнді жағдайларда компьютерді жай ғана сөндіре салған жөн (кейбір жағдайларда компьютер дұрыс сөндірілмесе (күштеп қайта қосу немесе бағдарламадан шықпай қуат көзін сөндіру және тұрақты тасымалдағышқа ақпаратты көшіріп алмау), оперативтік сақтағыштағы ақпараттың жоғалуына және осы компьютердегі ақпараттық қордың жартылай өшірілуіне әкеп соқтырады) [4];
- қорғаныс бағдарламаларына ену паролін анықтауға шаралар қолдану;
- қажет болған кезде мекеменің қызметкерлер құрамынан кеңес алу көзделген, сұрауды әрбір қызметкермен бөлек-бөлек жүргізген дұрыс. Мұндай әдіс мейлінше шыншыл ақпарат алуға және қасақана зиянкестіктен арылуға мүмкіндік береді;
- электрондық есептегіш машина локалдық санау желісінде болған кезде, желідегі ақпараттың қозғалысына шапшаң қимылдау үшін мамандардың бригадасын қатыстырған жөн;

- компьютерді қараумен қатар, оны қолдану туралы жазулар бар құжаттарды қарауға, оның ішінде электрондық есептегіш машиналар операторларының жазуларына ерекше көңіл аудару керек.

Тәжірибесі аз пайдаланушылардың осындай жазуларында код, пароль және басқа да тергеу үшін құнды ақпаратты қамтуға болады. Қарау кезінде электрондық есептегіш машинасына орнатылған бағдарлама бойынша түсініктеме бере алатын мекеме қызметкері қатысу керек. Егер де қараудың бастапқы сатысында бағдарламамен қолданылатын пароль және кодтарды анықтау мүмкін болмаса, онда зертханалық жағдайда бағдарлама жасаушы мамандардың қатысуымен ену паролдарын және кодтарды анықтау, сондай-ақ дұрыстап қараудан өткізу және ондағы файлдарды ажырату мақсатында компьютерге сүргі соғылып, алынады. Мұндай жағдайларда процессор және магниттік дискідегі жинақтаушылар орналасқан жүйелі блок ғана алынса, жеткілікті. Монитор, клавиатура, принтер тәріздес компьютердің бөліктеріне сүргі соғылса болғаны:

- алуды арасына уақыт салып өткізуге болмайды. Егерде тергеушіде қажетті көлік болмаған жағдайда, алу жүріп жатқан жерге күзет орнатып, объекіден материалдарды сақтау орнына бірнеше рейс жасалынады;
- алынған заттар мен материалдар сол объектіде немесе бөтен адамдар ене алатын жерде сақтауға қойылмайды;
- есептегіш техника құралдарының бөліктерін сол объектіде қалдыруға болмайды. Әдетте, нақты есептегіш техника құралдарын алудан сақтап қалу ықпалы, онда тергеу үшін маңызды ақпараттың бар екендігін көрсетеді;
- бөлмедегі барлық есептегіш техника құралдары мен өзінде қылмыстық қызмет ізін тасымалдаушы барлық объектілерді алу қажет;
- тергеу әрекетінің хаттамасында алынып жатқан есептегіш техника құралдарының нақты белгілері міндетті түрде көрсетіледі (маркасы, шапшандығы, процессор маркасы, сақтағыш көлемі және т.б.).

Компьютерлік техника тек сөндірілу бетінде ғана алынып, тергеу әрекетінің хаттамасында төмендегідей мәселелер орындалып, көрсетіледі:

- қондырғының қосылып тұрған жағдайы анықталды және оны сөндіру реті көрсетілді;
- алынуға тиіс заттардың нақты орны мен олардың бір-біріне және қоршаған заттарға қатысты орналасуы қажетті схема және жоспарларды қоса тіркеу арқылы суреттеледі;
- ерекшеліктерді (түсі, саны, өлшемі, қосу сымдарының, кабельдердің, шлейфтердің, ажыратқыштардың, штекерлердің жеке белгілері мен олардың ерекшеліктері) көрсете отырып, барлық құрылғылардың бір-бірімен қосу реті суреттеледі;
- компьютер желісінің, қолданылатын байланыс каналы мен телекоммуникацияның бар-жоқтығы анықталады. Кейінгі жағдайда байланыс түрі, қолданылушы аппаратура, абоненттік нөмір, шақырушы белгі немесе жұмыс істеу жиілігі анықталады;
- барлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, аппараттық құрылғыларды ажырату жүргізілді, олардың техникалық кіріс-шығыстарына пломба ілінеді;
- алынған заттарды буып-түйю және тасымалдау түрі анықталады.

Компьютерлік техниканы сақтап, тасымалдау бүлініске ұшыратпайтын жағдайда, оның ішінде әуежайда жүкті тексеру үшін қолданылатын металлдетекторы әсер етпейтін жағдайда іске асырылады. Компьютер және олардың қосалқы бөлшектері құрғақ әрі жылы жерде сақталады, онда аппаратураны жарамсыз ететін кеміргіштер болмау керек. Оқиға болған жерді қараудағы стандарттан тыс жағдайды ескере отырып, компьютерлік техника мен ақпаратты алу мүмкіндігіне, буып-түйю, тасымалдау және алынған объектілерді сақтау тәсіліне қатысты мәселелерді тергеуші әрбір нақты жағдайда маманмен біріге отырып шешеді. Объектілерді алудың процессуалдық тәртібі Қылмыстық іс жүргізу кодексінің жалпы талаптарына сәйкес анықталады.

Осылайша, компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарға төтеп беру, азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау, сондай-ақ мемлекет және заңды тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрдайым өзгерістерге дайын болатын, техникалық-криминалистикалық құралдармен жасақталған қорғаныс шараларының кешенімен мүмкін болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Криминалистика: Учеб. / Отв. ред. Б.М.Нурғалиев. — Караганда: Болашақ-Баспа, 2009. — С. 779.
2. Криминалистика: Оқулық. — Алматы: Жеті жарғы, 2006. — 250-б.
3. *Осипенко М.* Компьютеры и преступность // Информационный бюллетень НЦБ Интерпола в Российской Федерации. — 1994. — № 10. — С. 149.
4. *Россинская Е.Р., Усов А.И.* Судебная компьютерно-техническая экспертиза. — М., 2001. — С. 4.

УДК 343.988

Личность потерпевшего в установлении обстоятельств, подлежащих доказыванию

Сембекова Б.Р.

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Дәлелдеу субъектілерінің іздестіру-тану қызметінде жәбірленуші тұлғасын зерттеу қылмыс жасаған адамның анықталуына септігін тигізеді, себебі ол жәбірленушімен тікелей байланыс субъектісі ретінде танылады. Қылмыскер мен жәбірленуші байланысы қылмыстық әрекеттер механизмінде көрісінін қылмыс оқиғасымен себепті байланыс арқылы табады, сонымен қатар қылмысты байланыс жағдайының мән-жайлары айқындалады. Қылмыстық қолсұғушылықтың объектісі ретіндегі жәбірленуші қылмыстарды ашу, тергеу, алдын алу үрдісінің ақпараттық базасы болып есептеледі.

Investigation of the victim identity in search cognitive activity of the proof subject contributes to the establishment of the person of criminal activity, who expresses the personal attitude to the victim as to the subject of interaction. The correlation of the criminal and the victim is reflected in the mechanism of criminal cause effect conditioning crime activity by the revealing the conditions and circumstances of the crime situation interaction. The victim as the object of a criminal infringement is the information base for organization of crime disclosing, investigation and prevention processes.

«Изучение личности потерпевшего — это целенаправленный и планомерный процесс собирания и исследования следователем социальных и естественно-биологических сведений о ней в порядке и формах, установленных законом, в целях решения задач судопроизводства» [1; 13]. Информация о потерпевшем определяется способностью отражения индивидуально-личностных свойств в механизме преступной деятельности. То есть в механизме преступной деятельности проявляются свойства личности потерпевшего, обусловившие формирование развития «субъектно-субъектных», «субъектно-объектных» отношений. Исследование отношений в механизме преступной деятельности способствует ретроспективному процессу познания условий и обстоятельств формирования и развития события преступления. Условия и обстоятельства события преступления отражают личностное отношение субъектов взаимодействия друг к другу, к предмету, объекту, результату, последствиям, выявляя ролевое участие их в механизме преступной деятельности. То есть личностное отношение выражает индивидуальную постановку задачи, определяет доминанту в выборе средств и способов решения задач, условий и обстоятельств межличностного взаимодействия, раскрывая роль обвиняемого, потерпевшего в криминальной ситуации взаимодействия.

Личность — это индивидуальный человек как субъект общественной жизни, общения и деятельности, а также собственных сил, способностей, потребностей, интересов, устремлений и т.д. [2; 13] В механизме преступной деятельности проявляется личностное отношение потерпевшего, выражающее активность его как субъекта взаимодействия с участниками уголовного процесса и, прежде всего, с лицом, совершившим преступление. Потерпевший как объект преступного посягательства отражает отношение субъекта преступной деятельности, выражая направленность умысла к совершению действий (бездействия) как преступного характера, так и не преступного, раскрывая «субъектно-субъектные» и «субъектно-объектные» отношения. Исследование «субъектно-субъектных» и «субъектно-объектных» отношений выявляет причинно-следственную обусловленность события преступления, тем самым способствуя определению обстоятельств, подлежащих доказыванию. Причинно-следственная обусловленность формирования и развития субъектно-субъектных» и «субъектно-